



Бекітемін : \_\_\_\_\_

Мектеп директоры м/а :

Мухаметжанова Н.Т.

**Шығыс Қазақстан Облысы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің  
« Б.Момышұлы атындағы негізгі орта мектебі » КММ-нің  
2022 -2023 оқу жылына арналған мектеп психологының  
жұмыс жоспары**

## Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері

**Психологиялық қызметтің мақсаты:** білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

### **Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- 1)білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін – өзі тәрбиелеу және өзін – өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2)білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3)білім алушыларды психологиялық – педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- 4)психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5)психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6)білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- 7)психологиялық проблемаларды шешуде және оқу – тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата – аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;

## **Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыты және мазмұны**

**Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық – профилактикалық, түзету – дамытушылық және әлеуметтік – диспетчерлік бағытта жүзеге асырылады.**

### **1. Психодиагностикалық бағыттар:**

1) білім алушылардың психикалық дамуын анықтау мақсатында оларды психологиялық диагностикалау; 2) білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру; 3) білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау; 4) психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындау.

### **2. Консультациялық бағыттар:**

1) білім алушыларға, ата – аналар мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша консультация беру; 2) білім алушыларға, ата – аналар мен педагогтерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін – өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортамен өзара қарым – қатынастар бойынша жеке және топпен консультация жүргізу; 3) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету; 4) тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру.

### **3. Ағартушылық – профилактикалық бағыттар:**

1) білім алушылар мен педагогтердің өзін – өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету; 2) білім алушылар бейімсіздігінің алдын алу; 3) білім алушылардың әлеуметтік мінез – құлқының алдын алу; 4) педагогтерді аттестаттауды әлеуметтік – психологиялық сүйемелдеу; 5) әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің жұмысына ықпал ету.

### **4. Түзету – дамытушылық бағыттар:**

1) жеке тұлғалық өсуге арналған тренингер өткізу; 2) білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалды – жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру; 3) жанжалдық тұлғааралық қатынастарды түзетуді жоспарлау.

### **5. Әлеуметтік – диспетчерлік бағыттар:**

1) педагог – психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша (дефектологтарға, логопедтерге, тифлопедагогтарға, т.б.) аралас - мамандармен жұмыс жүргізу; 2) әлеуметтік – медициналық – психологиялық қызметтер туралы банкін қалыптастыру; 3) аралас – мамандармен және шұғыл жағдайда көмек көрсету бойынша мүдделі органдармен өзара әрекет нәтижелерінің мониторингін жүргізу.

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс шаралар	Жауапты	Орындау мерзімдері
Психодиагностика	Бірінші сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау (Керн – Йерасек тестісі) 1 сыныптар	психолог	Қыркүйек
	Оқушылардың мектеп мотивациясына бейімделуін (адаптация) анықтау 5 сыныптар	психолог	Қыркүйек
	Оқушылардың темпераментін анықтау тесті 7 – 8 сыныптар	психолог	Қазан
	Сьюзен Деллингер әдісімен «Психогеометриялық тест» арқылы жеке тұлғаны зерттеу 5–6 сыныптар	психолог	Қараша
	А.Р.Лурияның қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін анықтау 1 сыныптар	психолог	Қараша
	Зейіннің ауысуы мен шоғырлануын 49 мәндік екі түсті сандық кесте арқылы бағалау әдістемесі 1 – 4 сыныптар	психолог	Қараша
	«Жеткіншектердің тұлғалық дамуына жол ашу – тест 8 сыныптар	психолог	Желтоқсан
	«Психогеометриялық типология» 2 – 4 сыныптар	психолог	Желтоқсан
	Мағыналы есте қалдыру (Авторы: К.Бюлер) 1–4 сыныптар	психолог	Наурыз
	Сынып жетекшілермен кеңесе отырып қабілетті (өте ерекше) оқушылар тізімін алу.	психолог	Наурыз-сәуір
	Оқушы қабілеттілігінің бағытын анықтау	психолог	Сәуір- мамыр
Консультация	Жас педагогтарға кеңес	психолог	Қыркүйек
	Мемлекеттік емтиханға қалай дайындалу керек?	психолог	қыркүйек

	Жоғары сынып оқушыларына емтихан алдындағы кеңестері. Слайд	психолог	Қазан
	Мамандық таңдауға байланысты жекелеген оқушыларға психологиялық кеңес	психолог	Сұраныс бойынша
	Пәнге байланысты көмектер ұйымдастыру 5-8 сыныптар	психолог	Сұраныс бойынша
	Ата-аналар мен оқушыларға психологиялық көмектер 0, 1-4, 5-8 , 9- сыныптар	психолог	Сұраныс бойынша
	Ата-аналар мен оқушыларға мамандық таңдауға психологиялық көмектер беру	психолог	Қаңтар
	Дарынды оқушыларға, ата-аналарға , пән мұғалімдеріне кеңестер беру	психолог	психолог
<b>Ағартушылық – профилактикалық</b>	«Бірінші сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу» Керн-Йерасек әдісі	психолог	қыркүйек
	Оқушылар арасында аутодеструктивті көңіл - күйді алдын алу	психолог	қараша
	Мамандық иелерімен кездесу ұйымдастыру	психолог	I ж/ж
	«Сан мамандық түрі бар, таңдап –талғап бірін ал» дөңгелек үстел	психолог	II ж/ж
	Оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту 0-4 сыныптар тренингтер	психолог	Қаңтар
	Қимыл – қозғалыс әрекеттерін қалыптастыруға арналған ойындар 0 – 4 сыныптар	психолог	Қаңтар
	«Достаса аласыз ба?» 0 – 4 сыныптар тренинг	психолог	Ақпан

	«Отбасында балаға жағымды психологиялық жағдай туғызу жолдары» ата-аналарға ағарту жұмысы	психолог	Ақпан
	Оқушылардың өмірге құштарлығын арттыру 1-4 сыныптар тренинг	психолог	Сәуір
	Зейінді тұрақтандыруға арналған жаттығулар 0 – 3 сыныптар	психолог	Наурыз
	«Жасөспірімдер суициді және оның психологиялық ерекшеліктері» ( ұстаздар мен ата-аналарға ағарту жұмысы)	психолог	наурыз
	«Күйзеліспен қалай күресу керек?» жаттығу (8-9-сыныптар)	психолог	Сәуір
	«Өзіңнің эмоцияларыңды қалай басқаруға болады?» жаттығуы (9- сыныптар)	психолог	Сәуір
	«Депрессия және одан шығу жолдары» жаттығу (9- сыныптар)	психолог	Мамыр
	Мектеп ұжымында жағымды психологиялық қарым-қатынас орнату жаттығулары	психолог	Мамыр
<b>Түзету – дамытушылық</b>	Біз 5 – сыныпқа барамыз Коррекциялық сабақ	психолог	I тоқсан
	Мектеп оқушыларын ұжымға бейімдеу жаттығулары тренинг 5 сыныптар	психолог	II тоқсан
	Қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар 6- сыныптар	психолог	III тоқсан
	Мінез – құлықты түзетуге бағытталған тренингтік жаттығулар 7 – 8 сыныптар	психолог	IV тоқсан
	Дарынды оқушылармен түзету –дамыту жаттығулары	психолог	I ж\ж

	Дарынды оқушылармен ағартушылық–профилактикалық жаттығулар	психолог	II ж\ж
	Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары 9- сыныптар	психолог	Ақпан
	«Әріптер» 0 – 2 сыныптар коррекциялық сабақ	психолог	Ақпан
	Ойлау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар 9-сыныптар	психолог	Наурыз
	Аутогендік жаттығулар 9- сыныптар	психолог	Мамыр
	« Емтиханға сеніммен барайық» жаттығуы 9- сыныптар	психолог	Мамыр
<b>Әлеуметтік – диспетчерлік</b>	Мектептегі маман иелерімен кездесу 1 сыныптар	психолог	Сәуір, мамыр
	Мектептегі маман иелерімен кездесу 0-сыныптар	психолог	Сәуір
	Құқық бұзушылық , жыныстық тәрбие бойынша мамандармен кездесу	психолог	Жоспар бойынша

**Педагог-психолог : Амиренова М.А.**